

«ҚАМҚОР МЕНЕДЖМЕНТ» ЖШС СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫНДА «ҚТЖ» ҰК» АҚ-НЫҢ СЕНІМДІ СЕРІКТЕСІ. ОЛ ЕЛІМІЗДІҢ ТЕМІРЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП КЕЛЕДІ. АЛ БҮГІН СЕРІКТЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДА БАЛАМАСЫ ЖОҚ ЗАМАНАУИ СУ ЖАҢА ЖОЛ ТӨСЕЙТІН КЕШЕН САТЫП АЛДЫ. БҮЛ ТЕХНИКА ЖОЛ ЖӨНДЕУ КЕЗІНДЕ ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРАРЫ АНЫҚ.

Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары



№47 (2762)  
24/06/2022

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## К НОВЫМ ВОЗМОЖНОСТЯМ

**АО «НК «Қазақстан темір жолы» и ForteBank подписали соглашение о предоставлении долгосрочной кредитной линии на сумму 60 миллиардов тенге.**



**Айлин БАУРЖАН,**  
Нұр-Сұлтан

Полученные финансовые средства будут направлены на качественное развитие отрасли и деятельность национального оператора железных дорог. В частности, АО «НК «ҚТЖ» планирует провести модернизацию производственных мощностей, а также адаптацию железнодорожной инфраструктуры к возрастающим



потребностям рынка трансграничных железнодорожных перевозок.

– Привлечение финансирования от Forte, одного из крупнейших банков Казахстана, поможет ҚТЖ реализовать планы по инвестиционной политике и позволит

выполнить ряд запланированных показателей компании, – отметил управляющий директор по финансам АО «НК «ҚТЖ» Даир Кушеров.

В свою очередь заместитель председателя правления ForteBanka

Айдын Ауезканов подчеркнул, что банк с момента своего основания вносит вклад в поддержку и развитие казахстанской экономики, предоставляя комплексные финансовые решения корпоративным клиентам, включая дочерние организации ФНБ «Самрук-Қазына».

– Финансируя деятельность национального железнодорожного перевозчика, мы способствуем повышению качества транспортных услуг, которые лежат в основе устойчивого роста бизнеса и развития экономики в нашей стране, – добавил заместитель председателя правления ForteBanka Айдын Ауезканов.

К слову, 2021 год компания завершила с хорошими показателями. Тарифный грузооборот достиг 233 миллиардов тонно-километров. Это наивысший показатель за годы независимости. Впервые объем контейнерных перевозок превысил миллион ДФЭ. Получен положительный финансовый результат в размере 120 миллиардов тенге.

### ВСЕ ВОПРОСЫ – ЧЕРЕЗ ЧАТ



**Получить консультацию «виртуального менеджера» АО «Кедентрассервис» теперь можно с помощью Telegram bot.**

IT-решение реализовано в рамках Программы цифровой трансформации АО «НК «ҚТЖ». Запуск Telegram bot по адресу @ao\_kdts\_bot призван решить задачу по автоматизации процессов управления взаимодействия с клиентами.

Он позволит клиентам АО «Кедентрассервис» в режиме «онлайн» получить консультацию, сформировать заявку на расчет ставки и зарегистрироваться в личном кабинете для заключения договора.

Внедрение IT-решений преследует две основные цели: повышение эффективности управления региональной сетью терминалов АО «Кедентрассервис» и автоматизацию процессов управления взаимоотношениями с клиентами. В компании отмечают, что цифровизация положительно отражается как на работе с клиентами, так и на деятельности коллектива.

Роман ЛЮБИМОВ

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В ЯНВАРЕ-МАЕ 2022 ГОДА ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК МЕЖДУ АО «НК «ҚТЖ» И ЗАО «АЗЕРБАЙДЖАНСКИЕ ЖЕЛЕЗНЫЕ ДОРОГИ» СОСТАВИЛ

**1388,1** ТЫС.  
ТОНН

В 2022 ГОДУ КАЗАХСТАН ПЛАНИРУЕТ ИНВЕСТИРОВАТЬ В ТРАНСПОРТНУЮ ИНФРАСТРУКТУРУ ПОРЯДКА

**20** МЛРД  
ДОЛЛАРОВ

ЛЕЧЕБНО-ДИАГНОСТИЧЕСКИЙ ПОЕЗД «САЛАМАТТЫ КАЗАҚСТАН» ПОСЕТИТ

**67**

ОТДАЛЕННЫХ  
СТАНЦИЙ СТРАНЫ

## Сервис

### ДИСКОНТТЫҚ КАРТАЛАР – ЖЕҢІЛДІКТЕР МҮМКІНДІГІ

**Үстіміздегі жылдың бес айында «Жолаушылар тасымалы» АҚ жасақтаған пойыздармен 5 миллион 212 мың жолаушы тасымалданған. Халықты сапалы әрі қолжетімді көлікпен қамтамасыз етуді мақсат етіп отырған ұлттық тасымалдаушы уақыт талабына сай сервистік қызмет көрсету сапасының жетілдіріп келеді.**



**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Әрине, жолаушылар тасымалын ұйымдастыру барысында билет сату жүйесінің орны ерекше. Осы орайда «Жолаушы тасымалы» компаниясының технологиялық мүмкіндіктері арқасында бүгінде халықтың басым бөлігі, вокзал жеке билет кассаларының табалдырығын тоздырмай, билетті үйден шықпай-ақ рәсімдей береді. Мәселен, 2022 жылдың 5 айында 8 543 909 электрондық билет сатылса, соның 70%

немесе 5 930 492-сі онлайн рәсімделген. «Күту парағы» қызметін қолданушылар қатары да жылдан жылға көбейіп келеді екен. Айталық, бес ай ішінде бұл қызмет алаңына 97 мыңға жуық өтінім келіп түсіп, оның 66 мыңнан астамының сұранысы қанағаттандырылған. Бірақ нақты сатып алынған билет саны 34 мыңнан асқан екен. Демек, күту парағына тапсырыс бергендердің дені жемеге жемге келгенде шыққан билетті сатып ала бермейді деген сөз.

Жалғасы 2-бетте



**Люк ДЕВИНЬ,**  
заместитель управляющего  
директора ЕСВД:



ТРАНСПОРТО-ТРАНЗИТНАЯ ОТРАСЛЬ ЯВЛЯЕТСЯ ОДНОЙ ИЗ ВАЖНЕЙШИХ ОБЛАСТЕЙ ИЗ 29 НАПРАВЛЕНИЙ СОТРУДНИЧЕСТВА, ЗАЛОЖЕННЫХ В СОГЛАШЕНИИ О РАШИРЕННОМ ПАРТНЕРСТВЕ И СОТРУДНИЧЕСТВЕ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ЕС. ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ УДЕЛЯЕТ ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ РАЗВИТИЮ МНОГОПЛАНОВОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ С КАЗАХСТАНОМ – КРУПНЕЙШИМ ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИМ ПАРТНЕРОМ В РЕГИОНЕ



## «ҚТЖ-100 ЖАС ЕСІМ»: ҮШІНШІ КЕЗЕҢ ӨТТІ



ЖОБА

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қабілетті жастарынан іріктеп алынған «ҚТЖ – 100 жас есім» жобасының аясында оқыту шаралары биыл пандемиядан кейін алғаш рет оффлайн жалғасын тапты. Жастар 22-24 маусым аралығында елорда төрінде бас қосып, үш күндік оқу тренингіне қатысты.**



**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Компанияның темір жол көлігі персоналын дамыту және бағалау орталығындағы дәрістің алғашқы күнін «ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Батыр Котырев сөз сөйлеп ашты.

– Бүкіл қоғам сіздерге ҚТЖ-ның жас элитасы ретінде қарайды, осы құрамдағы жас теміржолшылар біздің компанияның «брендін» айналуы тиіс. Сіздердің әрқайсыңызға осы жоба аясында айрықша мүмкіндіктер беріліп отыр, бұл сіздер үшін өндірістік трамплин деуге болады. Тұлға ретінде өсу үшін әрине әр адам ең алдымен өзімен жұмыс жүргізуі керек, яғни білім жетілдіру, түрлі машықтарды меңгеру қажет. Осы тұрғыда ҚТЖ ұсынатын отырған жастардың білімді дамыту бағдарламасының берімі мол, осы мүмкіндікті барынша пайдаланып, оны компаниядағы тиімді еңбек өндірісін дамытуға қолдана біліңіздер, – деді бас

инженер. Тайминг барысында жас теміржолшылардың жан жақты дамуы үшін спикер ретінде шақырылған қонақ – шоумен, продюсер Азат Әбікен де жастарға мотивациялық бағытта әңгіме айтып, түрлі жобаларды жүзеге асырудағы кедергілерді қалай жою керектігі туралы кеңес берді.

2020 жылғы бағдарлама жеке кәсіби тиімділікті қалыптастыруға бағытталса, 2021 жылғы бағыты – ішкі тренерлер дайындауға негізделді, ал биылғы ерекшелігі – жобалық басқару, үнемді өндіріс құру мәдениетін қалыптастыру болып отыр. Компанияның адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері Замир Серіковтің айтуынша, оқыту жобасы басталған екі жылда қатысушылар арасынан 21 жаңа ішкі тренер дайындалса, 61 жас қызмет баспалдағымен өсіп, биыл тағы 5 адамның лауазымы көтерілген. Құрылымдық бөлімше басшыларының 91,5

пайызы жоба қатысушылары өз құзіретін арттырды деп есептейді.

Жобадағы жастардың 30 пайызы ағылшын тілінен деңгейін көтерді. Барлық жастар «2020 Қайырымды іс», «Корпоративтік блогер мектебі» жобаларына қатысты. Билет «Жолаушылар тасымалы» АҚ 100 жас есім» жобасы іске қосылды, – деді З. Серіков.

Бағдарламаның бірінші күніндегі шаралар «Эко тренинг» тиімбилдингпен жалғасты. 4 кезеңнен тұрған шарада қатысушылар лабиринттен шығу, әлем картасын құрастыру, жұмбақ шешу т.т тапсырмаларды орындады. Екінші күні «Тұрақты даму», «Үнемді өндіріс», «Жобаны жүзеге асыруда жобалық басқару машықтары» семинарлары өткізіліп, оған тренер ретінде Наталья Кузетова, Гүлмира Мұқанова, Аделина Черкасская қатысты. Үшінші күні компанияның HR Академиясының қорытынды «HR ALANY» модулі



ұйымдастырылды. Компанияның аппарат басшысы Серік Кеулімжаев, «Заманауи әлемдегі HR» панельдік сессиясында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Эльмира Каримова, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Шолпан Омарбекова жастарға бағытбағдар беріп сөз сөйледі.

TED TALKS сессиясында қатысушылар жеке бас тарихын баяндады. Бұл сессияда Ақмола ЖТ бөлімшесі жоспарлау-экономикалық бөлімі бастығының орынбасары Людмила Коба, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас менеджері Алтынай Қосақова, «Теміржолсу» АҚ HR және қамтамасыз ету департаментінің бас менеджері Зара

Дүйсенғалиева, Көп функционалды қызмет көрсету орталық филиалының бас менеджері Майраш Еділова, «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Назира Шегенбаева тағы басқаларға сөз берілді.

Ал «Жанды кітапхана» сессиясында қатысушылар өзара тәжірибесімен бөлісті. Бұл бөлімде «Тиімділікті басқару», «HR талдау», «Ішкі коммуникациялар», «Эмоционалды интелект», «Тәлімгерлікті дамыту бойынша жоба» тақырыптарында қатысушылар жұмыстарына ерекше назар аударылды. Іс-шара соңында «Жас Өркен» бағдарламасының тәлімгерлері мен үздік HR мамандары арнайы сертификаттармен марапатталды.

Суретті түсірген автор

### ҚҰРЛЫҚ ПОРТЫМЕН ТАНЫСТЫ



Қазақстанға Литва республикасының көлік және коммуникация министрі Мариус Скуодис бастаған шетелдік делегация келді. Олар қазақ-қытай шекарасындағы көлік-логистикалық инфрақұрылым нысандарын аралады.



Делегация құрамында Литва темір жолы, Клайпедск теңіз порты, Литваның Қазақстандағы елшілігі, Литва өнеркәсібі конфедерациясы, «LINA» автомобиль тасымалдаушылары ассоциациясы өкілдері болды. Экскурсия барысында қонақтарға «Нұр жолы» өткізу пункті мен Алтынкөл станциясындағы «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА «KTZE-Khorgos Gateway» құрғақ портының инфрақұрылымдық және логистикалық мүмкіндіктері таныстырылды.

Кездесу соңында литвалықтар тарапы қазақстандық темір жол магистралі арқылы болашағы зор Балтық жағалауы бағдары бойынша «KTZE-Khorgos Gateway» құрлықтағы терминал мүмкіндіктерін қолдана отырып, трансқұрылықтық және контейнерлік тасымалды дамытуға мүдделілік танытты.

«KTZE-Khorgos Gateway» құрлық порты – Алтынкөл станциясындағы Қазақстанның ең қуатты терминалдарының бірі екенін ескере келе, тараптар қазақ-қытай шекарасы арқылы қатынайтын жүктерді сақтау, түсіріп-тиеу, өңдеу бойынша портта қызметтердің толық спектрі көрсетілетін артықшылықтарына жоғары баға берді. Мәселен, былтыр осы порт арқылы жиырмафунттық эквиваленттегі 274 мың контейнер өңделген, бұл 2020 жылғы көрсеткішке қарағанда 20 пайыз көп.

Ұлан ОРАЗ



## ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІНЕ ӘСЕР ЕТТІ

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау облысы



Мұнай өнімдерін тасымалдау көлемінің азаюы өңірдегі жүк тиеу-түсіру көлеміне де әсер ететіні белгілі. Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде осындай үрдіс байқалады.

Жүк жөнелтуші кәсіпорындардың кейде мұнай және мұнай өнімдерін экспорттаудан бас тартуы көрсеткіш деңгейіне әсер етеді. Мәселен, Құлсары станциясынан пропан-бутан, Ақжайық станциясынан мазут тиелген цистерналардың экспортқа жөнелтілуіне мерзімді рұқсат берілмеуі жүк жіберу көлемінің азаюына себеп болды. Биылғы жылы бірінші наурыздан бері Украинаға қандай да бір жүкті жөнелтуге және Солтүстік Кавказ темір жолына пропан-бутан өнімін жіберуге тоқтам қою, 15 сәуір -15 мамыр аралығында Атырау мұнай өңдеу зауытының кейбір қондырғыларының жөндеуге тұруы да тасымал көлеміне әсер еткен. Сондай-ақ, «Теңізшевройл», «Батыс Транс Групп», «Индер Түз Компания», «Тенгизская Транспортная Компания» ЖШС мен Мақат, Құлсары, Тендік, Қарабатан станциялары арқылы экспорттық бағыттағы пропан, бутан, мазут, кокс, күкірт тиелген 20383 вагон келісімгеңдіктен және тапсырыс берушілердің бас тартуы себепті тиелмей қалды. 9-14 мамырда Грузияға жүк жіберуге де конвенциялық тоқтам қойылды.

Әрине, жүк жөнелтуші компаниялардың вагондарды игермеуіне орай, олардан айыппұл өндіріліп отырады. Мысалы, биылғы жылғы 5 айда Құлсары станциясынан 1559 вагон пропан-бутан тиелген вагондарды игермеген үшін 6 567 072 теңге, 1192 вагон химикатты игермеген «Теңізшевройл» кәсіпорынынан 5 046 293 теңге, Тендік станциясынан «БатысТранс Групп» ЖШС 9858 вагонды игермеуіне сәйкес 44258820 теңге, «Исткомтранс» ЖШС-нан 60 вагонды игермегені үшін 275 670 теңге, сол секілді «Индер Түз Компания» ЖШС-нан да 540558 теңге айыппұл өндірілген. «Әрине, айыппұлмен мәселе түбегейлі шешілмейді, біз керісінше, жүк жөнелтушілермен қарым-қатынасымызды нығайтып, мұнай мен мұнай өнімдерінің темір жол арқылы тасымалдануына мүдделіміз» дейді Атырау бөлімшесінің техникалық бөлім бастығы Әзиз Айжарықов.

Суретті түсірген автор

## ОҢТАЙЛЫ ЖОБА ОЙЛАП ТАПТЫ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе



Электр қондырғыларының күтімін жасау оңай емес, қауіп-қатері де басым. Ақтөбе электрмен жабдықтау дистанциясы бойынша Әйтеке би электрмен жабдықтау ауданы осы салада үздік саналады.

Оның себебі, 137 км желі бойына қызмет көрсетіп отырған мекеме теміржол бойын электрмен үздіксіз қамтамасыз етумен қатар аудан орталығындағы екі көшеге де электр энергиясын жеткізіп отыр. Ең маңызды фактор – өндірістік жарақаттану, өлім-жітім тіркелмеген. Әйтеке би станциясынан Сарысай станциясына дейінгі аралықтағы автобағыттауға және шағын станцияларға қызмет көрсететін мекеме басшысы Нұрбол Жәнділдаев бүгінгі таңда қысқа дайындық жұмыстары жүріп жатқанын, барлық электр желілері, бағаналар тексеріліп, жақымданғаны қалпына келтіріліп, кем-кетігі бүтінделіп жатқанын жеткізді.

Электрмен жабдықтау ауданында 16 қызметкер бар. Оның төртеуі кезекші, біреуі техникалық бақылаушы. Механик, жөндеушілер бар. Дегенмен, бәрінің илегені бір тері, электр желілеріне ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, күрделіліктері қатірін қадағалап отырады. Еңбекті қорғау шараларына ерекше көңіл бөлінеді. Әсіресе, жөндеу жұмыстары кезінде қауіп тудыратын жайттарды меілінше ескеріп, бақытсыз жағдайдың алдын алуды әрбір жұмысшы міндетім деп біледі. Техникалық сабақтар оқу-жаттығу алаңында ай сайын тұрақты өтіп тұратынына да өндірістегі қауіпсіздік тақырыбын ұдайы назарда ұстауды қамтамасыз етеді.

Мекемедегі тәжірибелі электр-механик Айбек Бекжанов ойлап тапқан жоба жұмысты едәуір жеңілдеткен. Трансформаторларды қозғау, түсіру кезінде қолданылатын қосымша құрал тиімділігі тәжірибе жүзінде дәлелденіп, қазір тұрақты қолданыста.

«Кезінде біз трансформаторларды ролик арқылы көтеретін едік, ол ыңғайсыз еді. Процесске бірнеше адам жұмылатын. Қазір осы оңтайландырылған жобаны пайдалану арқылы жұмыс әлдеқайда жеңілдеді. Роликті бекітіп, трансформаторды көтеру-түсіру жұмыстарын бір адам істей береді», – дейді Нұрбол Жәнділдаев.

Суретті түсірген автор



## СЕНІМДІЛІК КЕПІЛІ



ТЕХНОЛОГИЯ

Белкөл станциясында бағыттамаалық бұрмаларды австриялық «Унимат» жол машинасы технологиялық талапқа сай бабына келтіріп жатыр. Аймақтағы қауіпсіздік ревизорлары жұмыс үдерісін бақылауда ұстап отыр.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Қауіпсіздік ревизорларымен бірге жол шебері Рахат Әлжанов пен жол бригадирі Бақытжан Нармахановтар жасалған ескерту мен кемшіліктерді қалпына келтіруге күш салуда.

– Темірбетонды бағыттамаалық бұрмалардың технологиялық талапқа сай бабын жасап, қалпына келтіру жұмыстары жасалуда. Оған Қырқыншы станциясындағы механикаландырылған жол машиналары мекемесінің бағыттамаалық бұрмалардың

түзулігі мен ауытқуын қалпына келтіретін ауыр жол машинасы «Унимат» қолданылуда. Бұл жұмыстар бекітілген жоспар бойынша жүріп жатыр. Әзірге анықталған кемшіліктер дистанция жолшылары тарапынан қалпына келтіріліп, жол машинасы бірнеше қайталап жұмыс жасауда, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жол диагностикалық орталығы Қызылорда филиалының жол шаруашылығы бойынша қауіпсіздік



ревизоры Әмірхан Жүсіпбеков.

Жол бойындағы бағыттамаалық бұрмалар жолшылар тарапынан жоспарға сай ағымдық күтімнен өткізіліп тұрады. Дегенмен, белгілі уақытта жол машинасының көмегімен оларды тексеріп, бабына келтіріп бақылаудан өткізіп отыру – қозғалыс қауіпсіздігін арттырумен қатар сенімділік кепілі.

– Заманауи арнайы техниканың көмегімен оның түзулігін, салмақ әсерінен соғылып ауытқуын дәл анықтап, бабына келтірудің маңызы зор. Жол машинасының жұмысынан кейін жолдың, бағыттамаалы бұрмалардың жұмысына сенімділік те, сапа да артады, – дейді дистанцияның жол шебері Рахат Әлжанов.

Суретті түсірген автор

## ДИСКОНТТЫҚ КАРТАЛАР – ЖЕҢІЛДІКТЕР МҮМКІНДІГІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Қалай десек те, осындай заманауи технологияларды енгізу арқылы адамдардың алтын уақытын үнемдеуге жағдай жасаған «Жолаушылар тасымалы» компаниясы биыл да бірқатар сервис түрлерін қайта жандандырып, халықты жақсы жаңалықтармен қуанытып отыр. Айталық, 2022 жылдың 15 маусымынан бастап әлеуметтік маңызы бар бағыттарға, яғни маусым айындағы жағдай бойынша 38 маршрут бойынша пойызбен жиі саяхаттайтын жолаушыларға жаңа «Күміс» дисконттық картасының іске қосылуы. Бұл карта билет құнының 25% үнемдеуге мүмкіндік береді. Құны 7999 теңге тұратын картаның жарамдылық мерзімі – іске қосылған

сәттен бастап бір жыл.

– «Күміс» дисконттық картасы – дербес, яғни сатып алушы адамның ғана атына тіркеледі. Картаны «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның билет кассаларынан

және сатып алу кезінде нақтылауға болады. Осы ретте, темір жол билеттерін сатып алу және ресімдеу кезінде жеңілдікке ие жолаушыларға «жеңілдік» және «баға шегерімі» санатын дұрыс



2022 ЖЫЛДЫҢ 5 АЙЫНДА 8 543 909 ЭЛЕКТРОНДЫҚ БИЛЕТ САТЫЛҒАН. ОНЫҢ 70 ПАЙЫЗЫ НЕМЕСЕ 5 930 492 БИЛЕТ ОНЛАЙН РЕСІМДЕЛГЕН. «ҚУТУ ПАРАҒЫ» АЛАҢЫНА ОСЫ 5 АЙ ІШІНДЕ БҮЛ 97 МЫҢҒА ЖУЫҚ ӨТІМІН КЕЛІП ТҮСІП, ОНЫҢ 66 МЫҢНАН АСТАМЫНЫҢ СҰРАНЫСЫ ҚАНАҒАТ-ТАНДЫРЫЛҒАН.

және билеттерді онлайн/онлайн сатып алу кезінде де пайдалануға болады. Жоба пилоттық болғандықтан, карталар саны шектеулі. Барлық қосымша ақпаратты «Жолаушылар тасымалы» АҚ билет кассаларында дисконттық картаны ресімдеу

таңдауға кеңес берер едік, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ сату және клиенттермен жұмыс жүргізу департаментінің директоры Ерлан Жимайлов.

Ол сонымен қатар «Алтын», «Саяхатшы» және «Жастар» дисконттық карталарының да

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР ҚОЛДАУҒА ЛАЙЫҚ



ТРЕНИНГ

Ел шығысындағы теміржолшылар рационализаторлық ұсыныстар енгізу арқылы өндірістегі экономикалық тиімділікті арттыруға өз үлестерін қосуда. Әйтсе де, әрбір мекеменің техникалық информаторлары үшін әлі де болса атқарылар шаралар аз емес. Семей ЖТ бөлімшесінде өткен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның рационализаторлық қызметі туралы тренинг барысында бұл мәселе кең көлемде талқыланды.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық орталық департаменті ұйытқы болуымен өткен басқосуға ГТА-6 бойынша барлық мекемелердегі техникалық ақпарат берушілер жиналды. Кіріспе сөз алған бөлімшенің ғылыми-техникалық ақпарат және сараптама орталығының бастығы Баршагүл Омарова жиынның мақсаты жайында айтып өтті. Қатысушыларға сәттілік тілеген Семей магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Айдарбек Жаманбаев жергілікті теміржолшылар арасындағы рационализаторлық іскерлік жайында сөз қозғады. Бұл орайда бөлімшедегі байланыс және белгі беру шаруашылығының рационализаторлары өткен екі тоқсан бойынша да белсенділік танытып отырғаны айтылды. Жалпы, автоматтандыру мен механикаландыру бойынша өндіріске жаңашылдық енгізуде ел шығысындағы теміржолшылар осыған дейін көш басында болатын.



Сол тәрізді энергетика саласы бойынша жыл үлесінде 3 рац ұсыныс енгізіліпті. Жоспар аясында жүйелі жұмыс жүргізіп отырған ЭЧ қызметінің техникалық информаторлары жыл аяғына дейін тағы бір ұсыныс енгізбек.

Айдарбек Кемелханұлы жол шаруашылығы мен қозғалысшыларға бұл бағыттағы жұмыстарды біршама ширату қажеттігін ескертті.

Ал Семей ЖТ бөлімшесінің кәсіподақ төрағасы Алик Досанов

техникалық ақпараттандырушыларға табыс тілеп, жергілікті өнертапқыштарды қолдауға қашан да дайын екендіктерін жеткізді. Теміржол саласындағы рационализаторлық қызметтің маңыздылығы жайында сөз қозғаған Баршагүл Нүкенқызы негізгі салмақ тех ақпараттандырушыларға түсетіндіктен олардың белсенділіктері әрдайым жоғары болуы керек деді.

– Бүгінгі тренингті ұйымдастырудағы басты мақсат ұлттық

компания игілігі үшін өндіріске жаңашылдықтар енгізу ісіндегі тиімділікті арттыру, аталмыш тараптағы жоспарлы іс-шараларды белсенді жүргізу. Қазіргі күні ұлттық компания басшылығы тарапынан рационализаторлық қызмет бойынша арнайы бекітілген ереже бар. Соның аясында жұмыс жүргізіміз және өнертапқыштыққа жас буынды көптеп тарту қажет, – деп атап өткен Баршагүл Нүкенқызы қозғалыс қауіпсіздігі, еңбекті қорғау бойынша да жаңашыл идеялар қажет екенін ескертті. Сонымен қатар, жыында әр мекемедегі тәжірибелі рационализаторлардың жанына жастарды қосып, оларды өнертапқыштыққа баулу ісі де пысықталды.


Тренинг барысында қатысушыларға арнайы тест беріліп, біліктілік деңгейлері де сарапқа түсті. Техникалық информаторлар пікір-ұсыныстарын да ортаға салды.

Бүгінгі таңда «ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржолшылардың интелектуальдық әлеуетін дамыту мен инновациялық ұсыныстарын қолдауға басымдық беруде. Рационализаторлық қызметтер өндіріске жаңа техникалар мен дамытатын технологияларды енгізіп, өндіріс көрсеткіштерін арттырып және материалдық ресурстарды үнемдеуге қол жеткізетіні белгілі. Осы орайда тың мағлұмат, жаңа тәсілдерге қаныққан техникалық ақпараттандырушылар бүгінгі тренингті ұйымдастырушы «ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық орталығына алғыстарын білдірді.

Суреттерді түсірген автор



## ЦЕЛЬ – ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ РИСКОВ



АКТУАЛЬНО

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Как отметил начальник службы безопасности движения поездов филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Сайлау Жаркенов, зачастую подобные инциденты происходят по вине ветвладельцев, которыми не принимаются должные меры по обеспечению безопасности прохода подвижного состава – В конце января на станции Входная

**На станциях, примыкающих к Карагандинскому отделению ГП, зафиксированы факты сходов подвижного состава инвентарного парка КТЖ. Всего с начала текущего года на подъездных путях допущено девять случаев, за аналогичный период прошлого года их было 17.**

подъездного пути АО «Арселлор Миттал Темиртау», примыкающего к станции Жанаул, на участке между стрелочным переводом №51 и светофором М21 был допущен сход двух вагонов всеми колесными парами первой тележки по ходу движения. Причиной ЧП стало боковое столкновение тепловоза ТЭМ2УМ №982 с вагонами.

В апреле при подаче шестью вагонами вперед на подъездной путь ТОО «Грейн экспорт», примыкающий к станции Майкудук, тепловоз ЧМЭЗТ

№5866, передвигаясь на скорости 3-4 км/час, на кривом участке пути совершил сход первого груженого вагона и сход шестой колесной парой внутрь колес. Причиной происшествия стало уширение железнодорожной колеи пути – более 1560 мм.

Однако наиболее резонансным стал случай, произошедший 1 февраля 2022 года. В Карагандинской области сошли с рельсов 12 вагонов грузового поезда на станции Новалы двухпутного участка Мойынты – Сары-Шаган. Как



стало известно, состав был загружен пшеницей. Причина схода – излом боковой рамы вагона. На месте аварии работали восстановительные поезда станций Сары-Шаган, Шу и Балхаш.

В настоящее время по всем случаям ведется внутреннее расследование, к которому подключаются перевозчики – хозяева подъездных путей. Во время ЧП в инспекцию транспортного контроля отправляется уведомление, после чего надзорным органом

выявляется виновник происшествия.

– Как правило, сходы на подъездных путях совершаются из-за усталости материалов верхнего строения пути, кустовой гнилости шпал, бокового износа рельс, корневых креплений на стрелочных переводах. Чаще всего такие случаи происходят после дождя, либо весной – после выхода из зимы, – считает Сайлау Жаркенов. – Руководство Карагандинского отделения ГП вынуждено ежемесячно обращаться в инспекцию транспортного контроля по оказанию содействия в плане проведения плановой проверки для определения состояния пути и с целью его оздоровления.

Члены специальной комиссии стараются тщательно разбираться в причинах схода подвижного состава на основании проведенных плановых проверок, после чего проводятся мероприятия для недопущения подобных инцидентов.

Фото автора



## НАРУШИЛ – ОТВЕТИШЬ!



БЕЗОПАСНОСТЬ

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Потенциально опасными считаются участки Алматы-1, Алматы-2, Алматы – Бурундай – Аксентир, Жетыген – Алтынколь. Именно здесь происходят наезды на людей и бродячий скот, столкновения с автотранспортом. На

**С начала года увеличилось число экстренных торможений локомотивными бригадами Алматинского эксплуатационного локомотивного депо. В связи с этим железнодорожники буквально бьют тревогу.**

одном таком участке нам удалось побывать.

Через станцию Бурундай проходят пассажирские, грузовые и контейнерные поезда. Учитывая вес поездов от 800 до 1 500 тонн, их скорость до 140 километров в час, тормозной путь увеличивается, в значительной мере возрастают и риски. Однако местные жители особо не отличаются дисциплиной

и неоднократно были задержаны за нарушение правил выпаса скота. Также, несмотря на проводимую профилактическую работу, фиксируются факты травмирования людей железнодорожным транспортом.

На перегоне Бурундай – ТЭЦ-2 задержали подростков, пересекающих железнодорожные пути. Они что-то громко обсуждали и толкали друг друга, не обращая внимания на производимые маневровые работы. А ведь потеря бдительности и внимания приводит к печальному финалу.


Следующими нарушителями стали молодой человек в наушниках и мужчина с ребенком на руках. Их буквально схватили за руки, объясняя, к чему может привести прослушивание громкой музыки в наушниках в зоне повышенной опасности.

– К сожалению, приходится констатировать, что из года в год увеличиваются трагические случаи на железной дороге. Одна из главных причин наезда на людей – несоблюдение правил прохода через железнодорожные пути, – отметил заместитель начальника Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Серик Бердугулов. – В целях профилактики, предупреждения и пресечения несчастных случаев с гражданами мы систематически устраиваем подобные рейды, привлекая работников воензированной охраны, дежуривших в парке.

Как считают железнодорожники, только вкупе с правоохранительными органами можно преломить ситуацию с безопасностью, ужесточив меры по отношению к нарушителям.

Фото автора

## ЭТО НУЖНО УСЛЫШАТЬ КАЖДОМУ



АКЦИЯ

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

Целью такого мероприятия стало обеспечение безопасности нахождения взрослых и детей в зоне железной дороги. Во время проведения акции на вокзале былолюдно: собралось много встречающих и пассажиров пригородных маршрутов, поезда Оскемен-1 – Алматы. Им раздавали памятки, напоминая, что вблизи железной дороги нужно вести себя осторожно, соблюдать правила.

– Мы совместно проводим работу по предупреждению наездов на людей, поскольку железная дорога – зона повышенной опасности, – рассказал заместитель начальника стрелковой команды Семейского филиала АО «ВЖДО» на станции Оскемен-1 Аликбек Ерик.

По данным начальника административной полиции ЛОП на станции Оскемен-1 майора



полиции Даурена Хамзина, с начала года вместе с железнодорожниками они провели около 50 профилактических рейдов по безопасности с охватом свыше двух тысяч человек – местных жителей, школьников, студентов.

– Накануне мероприятия на станции Оскемен-1 прошло совместное совещание, по итогам которого и было решено провести такую акцию, – отметил он. – К ней мы привлекли обще-

ственных помощников полиции и волонтеров, которые помогают нам и железнодорожникам в профилактике наездов.


Главный инженер Оскеменской дистанции пути (ПЧ-37) Серикжан Самбетбаев, мостовой мастер этого предприятия Сергей Мартынов, а также главный специалист отдела контроля на транспорте инспекции транспортного контроля по ВКО Канат Айтуаров приняли участие в сходе жителей и Центра

территориального управления акимата Усть-Каменогорска №4, который находится в Шмелевом логу. Сам район города расположен недалеко от станции Усть-Каменогорск, здесь проживает около 1 600 человек. Активисты пожаловались на состояние ступеней деревянного пешеходного моста через железнодорожные пути. По их словам, ходить по нему страшно, особенно пожилым людям, есть просветы между ступенями, можно споткнуться.

По информации Сергея Мартынова, 3 июня место обследовали специалисты мостоиспытательной лаборатории из Нур-Султана. Они указали, что им можно пользоваться безопасно, но 20% досок нуждается в замене. В целом, работники ПЧ-37, на чьем балансе находится мост, обслуживают его круглогодично. Два года назад покрытие менялось целиком, но к чаяниям людей обязательно прислушиваются. В плане ПЧ-37 – полная замена ступеней и сходов. Работы будут проводиться при поступлении в Оскеменскую дистанцию пути материалов. В то же время железнодорожники и Канат Айтуаров призвали жителей соблюдать правила пребывания в зоне повышенной опасности, чтобы избежать случаев наездов и травматизма.

Фото автора

## ЗА РАЗУМНЫЙ КОМПРОМИСС



ОБУЧЕНИЕ

**Руслан РАХМЕТОВ,**  
Нур-Султан

Организатором мероприятия выступил Акмолинский филиал АО «Казпрофтранс». В семинаре приняли участие 36 работников предприятий НОД ГП-1, ШЧ-12, ПЧ. В качестве лектора пригласили высококвалифицированного специалиста, директора ТОО «Da education» Асета Даутова. Он

подробно разъяснил основные статьи Трудового кодекса РК, приводя примеры и отвечая на вопросы.


Так, в Трудовом кодексе предусмотрено обязательное рассмотрение индивидуальных трудовых споров посредством согласительных комиссий, которые являются обязательным досудебным органом для урегулирования споров, возникающих в

организации между работниками и работодателем. В связи с этим во всех филиалах компании были созданы согласительные комиссии на паритетных началах из равного числа представителей от работодателя и работников.

– В ходе тренинга упор был сделан на разбор различных конфликтных ситуаций. Это позволило медиаторам в коллективе помочь в разрешении вопро-

сов, а также знать технологии разрешения споров. Мировая практика говорит о том, что конфликт, который разбирается на месте, самый эффективный, ведь участники могут сразу же выразить свои мнения. Когда есть диалог, тогда есть и решение вопроса, – отметил председатель Акмолинского филиала АО «Казпрофтранс» Хазис Закирин.

К слову, в рамках празднования 30-летия профсоюза Акмолинский филиал АО «Казпрофтранс» провел семинары на темы «Жизненные кризисы и пути их преодоления», «Конструктивные способы решения конфликтов в семье и на работе» для работников железнодорожных предприятий станции Новошымская, Кокшетау и Курорт-Боровое. Обучение прошли 105 железнодорожников.



## ПОКАЗАТЕЛИ ВВЕРХ

**Любовь РОМБА,**  
Нур-Султан



ТРАНЗИТ

**Общий объем транзитных грузов через Казахстан с начала года вырос на 2%.**

В январе-мае 2022 года транзитом через Казахстан всеми видами транспорта перевезено 9,6 миллиона тонн, что на 2,1% больше, чем за аналогичный период прошлого года (за 5 месяцев – 9,4 миллиона тонн).

При этом по железной дороге проследовало 8,5 миллиона тонн транзитных грузов.

Из-за сложившейся геополитической обстановки несколько снизился контейнеропоток в направлении Китай – Европа – Китай. За пять месяцев он составил 264,8 тысячи ДФЭ, что на 8% меньше по сравнению с аналогичным периодом 2021 года. На 3% сократился общий объем контейнерных перевозок – до 421,4 тысячи ДФЭ.

## НА ЗЕЛЕНОМ ФРОНТЕ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



ТРАВБОРЬБА


**В Костанайском регионе начался сезон травоборьбы.**

Как сообщил ведущий инженер отдела пути Костанайского отделения магистральной сети Жалгас Абдрахманов, на сегодня борьбу с травой на путях ведут работники всех станций, дистанций, перегонов региона. Лидируют станции Кушмурун, Аркалык, Есиль. Но расслабляться путейцы не намерены. Ведь дикая, растущая трава на путях – одно из основных факторов риска, угрожающих безопасности движения.

– Травоборьба – это очень серьезный вопрос. Сроки обозначены, стратегия намечена, работа ведется. Ополка травы будет производиться все лето, вплоть до конца октября по всем дистанциям. Везде, в том числе на перегонах между станциями, производится окос бурьяна вдоль путей, вырубка кустов в непосредственной близости от путей, – говорит Жалгас Абдрахманов. – Эта работа будет в любом случае вестись, поскольку от нее зависит безопасность движения.

Фото автора

## ОСОБЫЙ ВИЗИТ



ПОРТ

**Порт Актау с техническим визитом посетили делегации ключевых нефтеснабжающих компаний Казахстана – CNPC и KMG Kashagan B.V.**

Представители коммерческих и логистических структур компаний ознакомились с нефтеналивной инфраструктурой порта Актау, текущие возможности которой позволяют переваливать не менее пяти миллионов тонн нефти дополнительно к существующим объемам. По итогам проведенных переговоров стороны выразили уверенность, что по завершении всех корпоративных процедур первая партия казахстанского стратегического сырья будет перевалена через порт Актау уже в октябре текущего года.

В целом же, по итогам завершения реализации проектов реконструкций, нефтеналивные мощности порта Актау возрастут до 12,5 миллиона тонн в год в краткосрочной перспективе.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ



## БІРЛЕСЕ ӘРЕКЕТ ЕТПЕК



**Сай-Өтес станциясында желілік полиция өкілдері теміржолшылармен бас қосты. Ортақ тақырып – теміржол бойындағы тәртіп, ұрлық-қарлыққа қарсы күрес.**



**Шахида ЖҰМАН,**  
Маңғыстау

Кездесуде теміржол мекемесінің басшылары сөз алып, орын алып отырған келеңсіз оқиғалар, олардан келген материалдық шығын жайлы сөз қозғады. Әсіресе, теміржол төсемінің материалдарын ұрлаудың қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіретіні, сондықтан ендігі жерде бұл мәселеге көзжұма қарап, ұзын арқан кең тұсауға салмай, қылмыс жасағандарды қатаң жазаға тартуға шақырды.



– Жергілікті теміржолшылармен кездесіп, қозғалыс қауіпсіздігінің сақталуына кедергі келтіретін келеңсіз жайттармен күресте бірлесе әрекет етіп, сақтықты күшейту жайын талқыладық.

Теміржол мүлкінің ұрлануына жол бермеу және тегімдерде тәртіпті күшейтіп, теміржол көлігіне сенім артқан тұтынушылар жүктерінің қолды болмауын қадағалау жөніндегі шараларды қарастырдық. Сонымен қатар теміржол бойында қараусыз жайылып жүрген малдың мәселесі де сөз болды. «Теміржол көлігі туралы» және басқа да теміржол көлігіндегі нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес қоршалмаған учаскеде малды теміржолдан 300 метр қашықтықта, ал теміржолдан 200 метр қашықтықта үнемі қадағалаумен ғана бағуға рұқсат етілетіні халыққа түсіндіру ескертілді, – дейді Сай-Өтес станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің басшысы Нұрлыбек Рахметов.

*Суретті түсірген автор*

## ПЕРВЫЕ УСПЕХИ В ШАХМАТАХ



**Более 30 детей работников АО «НК «КТЖ» из разных регионов страны приняли участие в онлайн-турнире по шахматам.**




**Любовь РОВБА,**  
Нур-Султан

Турнир организован в рамках сотрудничества АО «НК «КТЖ» с учебно-образовательным центром «Мерей». Он собрал на игровой шахматной платформе lichess.org новичков в этом интеллектуальном виде спорта в возрасте от 7 до 18 лет. Все участники с марта проходят обучение у тренерского состава центра «Мерей» и уже демонстрируют первые успехи. Так, к примеру, 8-летняя Сания Танатарова из столицы уже уверенно обыгрывает старших соперниц. На прошедшем турнире АО «НК «КТЖ» она с большим отрывом стала лучшей среди всех участниц до 18 лет. Хорошие результаты в своих возрастных категориях

показали также Мария Баяк (Акмолинская область), Дильназ Кисамеденова (Атырау), Ясмина Асланқызы (Нур-Султан) и Амина Бекмурза (Шымкент).

Среди мужской половины пьедестал почета выглядел следующим образом: первое место завоевал Сұңқар Қабдрашит (Павлодарская область). На втором – Мирас Нәсіпбай (Абайская область), на третьем – Ерсұлтан Танатаров (Нур-Султан).

При этом в возрастной категории до 18 лет среди юношей лучший результат показал Сабыр Динмухаммед (Актобинская область), до 16 лет – Ернур Абдижали (Актобинская область), до 14 лет – Нұрасыл Мусаинов (Костанай). Среди самых юных участников в возрасте до 10 лет лучшим стал Марлен Бисембай



(Костанай), а до 12 лет – вышеупомянутый Ерсұлтан Танатаров из столицы.

– Руководство КТЖ создает все условия для шахматистов, поэтому успехи не заставляют себя ждать. За время обучения детей в течение трех месяцев их уровень заметно вырос, – сказал главный судья турнира – тренер шахматной школы «Мерей» Ақжан Шопанов.

*Фото автора*

## Благотворительность МИР СЛАДОСТЕЙ

**Алтынкольцы провели ежегодную благотворительную ярмарку в поддержку детского дома города Жаркент, где проживают дети с диагнозом ДЦП.**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматинская область

Работники станции – частые гости в Жаркенском детском доме, и не только по праздникам. Так уж повелось, что железнодорожники принимают самое активное участие в жизни своих маленьких друзей, проявляя гуманизм и милосердие.

Этот год не стал исключением. На организованной ярмарке были представлены различные авторские кулинарные изделия, причем каждый шедевр выполнен с особой любовью. – Это не первая наша акция, все откликнулись на помощь детям. Ничто так не радует, как их улыбки и звонкий смех, – говорит профсоюзный работник станции Гульмира Талгарбаева.

В разнообразии яств не было границ. Мучные и шоколадные изделия, начиная от традиционных баурсаков до замысловатой выпечки, тортов, различных сладостей, запольили столы. Каждый работник старался проявить свои кулинарные возможности. В этой



«сладкой» благотворительной акции участвовали все железнодорожные службные станции. А сколько было эмоций, работники устроили детям настоящий пикник и вручили подарки!

Ярмарка проходила очень оживленно, с песнями, везде слышался смех и у всех было отличное настроение, по радостным лицам детей и работников можно было видеть, что ярмарка удалась на славу!

*Фото автора*

## БІЗ ЛАГЕРГЕ БАРАМЫЗ...



ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Күні кеше қызылордалық теміржолшылардың 75 баласы «Машат» сауықтыру лагеріне демалуға аттанды. Жазғы лагердің алғашқы легінде Қазалы вагон пайдалану депосы, Қызылорда және Сексеуіл локомотив пайдалану депосы теміржолшыларының балалары жөнелтіліпті. Оларды лагерьге алып бару, орналастыру, кері

алып қайтуды мекемелердің кәсіподақ ұйымы өз міндетіне алып отыр.

– Серіз бен он үш жас аралығындағы Қазалы вагон пайдалану депосынан 25 балаға 3 жетекші, Қызылорда және Сексеуіл локомотив пайдалану деполары теміржолшыларының 50 баласына 4 жетекші, жалпы 7 жетекшінің арнайы бақылауымен Машат лагеріне аттанған балалардың қуанышында шек жоқ десек болғандай. Екі аптадан соң



оларды екінші топ алмастыратын болады, – дейді «Қазкөліккәсіп» филиалының балаларды лагерьге орналастыру жұмысына жауапты маманы Асылбек Мыңжасаров.

*Суретті түсірген автор*

## Вопрос-ответ

**На вопросы отвечает главный менеджер департамента по управлению человеческими ресурсами и планированию численности ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Алмагуль Шалдыбаева**



**При каких условиях оплачивается надбавка за разъездной характер работы локомотивным бригадам, направляемым в поездку?**

Надбавку за разъездной характер работы выплачивают локомотивным бригадам, работа которых протекает в пути следования, т.е. при выполнении поездной работы (поездка – время, затраченное локомотивной бригадой на обслуживание локомотива для ведения одной пары поездов (туда и обратно) с учетом времени нахождения в пункте оборота).

Условия по выплате данной надбавки предусмотрены в приложении 1 дополнительного соглашения №1 от 21 января 2021 г. к Коллективному договору на 2021-2023 годы между ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и его трудовым коллективом «Порядок выплаты надбавки за работу, постоянно выполняемую в пределах обслуживаемых участков, связанную с перемещением или выполнением работ в пути следования, имеющую разъездной характер».

Надбавка за разъездной характер выплачивается только при условиях:

– продолжительность поездки свыше 12 часов (искл.) до 24 часов (вкл.) суммарного времени поездки – в размере 0,5 МРП.  
– продолжительность поездки свыше 24 часов (искл.) суммарного времени поездки оплачиваются как 0,5 МРП, начиная с первой минуты каждых полных 24 часов поездки.

Пример расчета:

1) поездка локомотивной бригады началась в 22.00 первого числа месяца и закончилась в 16.00 второго числа месяца (возвращение в основное место работы) – суммарное время поездки составило 18 часов, т.е. более 12 часов, но менее 24 часов = 1 x 0,5 МРП;

2) поездка локомотивной бригады началась в 22.00 первого числа месяца и закончилась в 22.05 второго числа месяца (возвращение в основное место работы) – суммарное время поездки составило 24 часа 05 минут, т.е. 24 часа + 5 минут = 2 x 0,5 МРП.



**Каковы условия оплаты труда при сдаче крови работником (донором)?**

Согласно условиям Коллективного договора на 2021-2023 годы между ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и его трудовым коллективом (раздел VII. Социальный пакет работникам п.п. 25 пункта 13), работник при сдаче (донации) крови в рабочие дни освобождается от работы с сохранением средней заработной платы, также ему предоставляется дополнительно один день отдыха, который может быть присоединен к ежегодному трудовому отпуску.

В случае, если по соглашению с работодателем работник, являющийся донором, в дни сдачи (донации) крови приступил к работе, ему предоставляется по его желанию другой день отдыха с сохранением за ним средней заработной платы либо этот день может быть присоединен к ежегодному трудовому отпуску.



**Когда работник может рассчитывать на материальную помощь (надбавку) к отпуску?**

Работнику при выходе в ежегодный трудовой отпуск один раз в отчетном году выплачивается надбавка (материальная помощь) в размере 1 (одного) должностного оклада.

Если работник в отчетном году уже получил данную надбавку в период работы в других филиалах товарищества, она ему не выплачивается.

В случае, если работник отработал неполное рабочее время в течение отчетного года, то данная надбавка выплачивается в размере должностного оклада, установленного с учетом неполного рабочего времени.

Вновь принятому работнику или вышедшему из отпуска без сохранения заработной платы продолжительностью 6 месяцев и более, вышедшему из отпуска по уходу за ребенком до достижения им трех лет, надбавка к отпуску выплачивается не ранее чем через 6 месяцев со дня принятия/выхода из отпуска на работу.

Исключение предусмотрено работникам, принятым на работу из другого юридического лица, в котором с ними прекращены трудовые договоры по основанию, предусмотренному статьей 55 Трудового кодекса Республики Казахстан, и не получивших в отчетном году данную надбавку по последнему месту работы.



**ҚАЗАҚСТАН**  
**ТЕМІР**  
**ЖОЛЫ**



**ҚАЗКӨЛІККӘСІП**

Бас редактор  
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі,**  
**жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі  
қызметкерлерінің кәсіби одағы»  
қоғамдық бірлестігі айналысады.  
© «Қазақстан теміржолшысы»  
газетінде жарияланған  
материалдарды  
көшіріп немесе өңдеп басу үшін  
редакцияның жазбаша рұқсаты  
алынып, газетке сілтеме жасалуы  
міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен  
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
**Р. Рахметов, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80

**Атырау:** Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66

**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87

**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45

**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17

**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59

**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53

**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76

**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00

**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58

**Ақтөбе:** Ардақ Ерубәева 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
**тел.: 8 775 198 15 61,**  
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.